



Жүсілбек Аймауитов

ШЫГАРМАЛАРЫ

III





12008/2741

БАК 84 (2) (б)

А31

Қазақстан Республикасы

Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Педагогикалық мектебі

С. Кітапхана (жеке тұтулыш бөлшегі)  
С. Кітапхана (батырлар)  
С. Академия (батырлар)  
С. Кітапхана (батырлар)

Інституттың штаб-квартира

# ЖУСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

БЕС ТОМДЫҚ ШЫГАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

## ҮШІНШІ ТОМ

*повесть*

*әңгімелер*

*аудармалар*

ISBN 9985-660-0-6

1201520200  
00(02)-02  
БАК 84 (2) (б)

М.О. Өуезов атындағы  
2005 — 2006 жылдарындағы  
М.О. Өуезов атындағы  
2005 — 2006 жылдарындағы  
Алматы  
«Алаш»  
2005  
ISBN 9985-660-0-6  
ISBN 9985-660-0-6

ББК 84 (5 Қаз)

А 31

*Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат жөне  
спорт министрлігінің багдарламасы бойынша шыгарылды*

**Редакция алқасы:**

С. Қирабаев (жауапты редактор)  
**[З. Ахметов]**, Д. Қамзабекұлы, Б. Қанапиянов, С. Қасқабасов

**Томды баспага дайындаған:**

*С. Қирабаев, Д. Қамзабекұлы*

А 31 Аймаұтров **Жүсілбек**. Бес томдық шыгармалар жинағы. Үшінші том. Повесть, әңгіме, аудармалары. — Алматы: “Алаш” баспасы, 2005. — 304 бет.

ISBN 9965-669-40-6

Үшінші томга қазақ одебиетінің классигі Жүсілбек Аймаұтровтың бір повесі мен бірнеше әңгімесі жөне көркем аудармалары еніп отыр.

А **4702250200**  
**00(05)-05** хабарланбаган — 2005

ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 9965-669-40-6— (T3)  
ISBN 9965-425-94-9

© М. О. Әүезов атындағы Әдебиет  
жөне онер институты, 2003  
© “Алаш” баспасы, 2005

# **ПОВЕСТЬ**

# КҮНІКЕЙДІҢ ЖАЗЫФЫ

## Күнікей ғой бұ жатқан

Жаялыша жалпиган, жарқанатша қалқиган, жермен-жексен шым қора, бейнеуі жоқ сүм қора. Шымқорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса болып сүйегі, қалақтай болып иегі, жанқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбііп, қоленкедей кілбііп, бұ жатқан қай аруақ?

Әлсін-әлсін демігіп, тық-тық еткен жөтелі өңменіңнен откендей, алма еріні кезеріп Бетпак кезіп кеткендей, кимешегі қол-қылдап қыышшакқа тіккендей, сатпақ-сатпақ жастығы жастық емес кетпендей, сар төсек бол сарғайып – бұ жатқаның қай өйел?

Білмесеңіз айтайын – Күнікей ғой бұ жатқан.

Құзден жатқан Күнікей – жазға жетті ілініп: құдері ғой, жан шіркін, үзілмейтін созылып.

Көктем күні құледі, құліп еді – жер түледі. Түлегені емес пе ақ кебінін сыпырып, көк торғынга боленді. Қызыл-жасыл, ак-көкшіл бейне кілем түріндей, гүлдер гүл-гүл жанады, құлқілдеген гүл-жапырақ, сағымданған құлім бел терезеден көз салса, Күнікейдің қөніліне жазылmas жара салады.

Ah, дарига, дарига! Күнікей сау бол жүрер ме еді? Қырдан тезек терер ме еді! Қырдан қия кезер ме еді? Шырқап әнге салар ма еді? Әнге салса, әл бітіп, қапқа қары талар ма еді?..

Жалғыз әйнек жаман үй, төсеніші – жалаң ши. Жаман шидің төр жағы – ала сырмак текемет, текеметте – Күнікей, жалғыз әйнек түбінде. Алты қөзден үшеу жоқ, лактар ойнап сындырған. Қалғаны аман қалсын деп, әйнекті жудә жүлдышын. Күн жылыда не керек? Бала-шага, қозы-лақ жол ғып алды әйнекті. Лак

<sup>1</sup> Бетпак – шол даланың аты.

ойнақтаған корпеге, жығып кетеді шәйнекті. Шәйнекте шалап сұсын бар, шалабын қорғап Құнікей айтып қояды: «Шай!»— деп те. Ойнақтаған құлдыр лақ — шай дегенді біле ме? Лақ қарғыса ойнектен, запы болған Құнікей, қолын созады шәйнекке.

Құнікейдің серігі — әйнектен ескен жел болады. Құнікей жалғыз жатқанда, қозы-лақ пен қарлығаш — бейне бір дүйім ел болады. Ауыл-үйден Құнікейге келушілер кем болады. Қашан жатқан Құнікей? Қашан өлген Құнікей? Қашанғы конілін сұрасын? Соған қарап отыр ма? Шаруасы бар әркімнің.

Оқта-текте Құнікейге бір айналып, кіші үйдегі Айдарлым келеді.

Айдарлым-ау, жап-жас боп аяуды қайдан білесін? Мүшелге жаңа жеттің ғой... Айналайын өзіннен!.. Сусының бар ма, аптаі?.. Қалайсың деген сөзіннен!.. Сен болмасаң, қарағым!...— деп қояды Құнікей, деміге сойлеп ентігіп.

Айдарлым кетсе, Құнікей жалғыз жатады күркілдеп: — Ух... алла-ай!..— деп құнқілдеп.

Күнікейдің серігі — әйнектен ескен жел болады. Құнікей жалғыз жатқанда қос қарлығаш ел болады.

Түйірлеп тасып топырақ, қыл-қыбыр, шоп-шар, жапырак, біріне-бірін жапсырып, қос қарлығаш калбандал, ұя орнатты дөнбекке: балалап, осіп-онбекке. Жалығу жок шіркіндегі: жарагандай еңбекке Құнікей жатыр бақылап, қарлығаштың онерін жатқандай-ақ көрмекке.

Қарлығашта дамыл жоқ: есі-дерті ұясы, бірі кетсе, бірі кеп, ак қанаты дірілдеп, қос құйрығын қалақ қып, құртымтай боп құнтинып, бұғып қана қылтинып ұясына жатады. Зайыбы ұя басқанда, байы жүреді бәйек боп: әлсін-әлсін келгіштеп, жарының жайын білгіштеп.

Қарлығаш екеш қарлығаш бір-біріне қайрылғыш, бірін-бірі сыйлағыш. Адамзатқа не болды? Құнікейден безгендей, Құнікей мәнгі өлгендей, сұық топырақ көмгендей, Айдарлымнан озгесін шетінен түге ұмытып.

Баласы қайда Құнікейдің, «апалап» бір уақ келетін? Жұбайы қайда Құнікейдің, қияметтік жолдасы? Құнікей бүйтіп жатқанда, жастық қойып басына, қолынан сусын беретін? Аулы қайда Құнікейдің, келіп-кетіп жүретін?

Жалғыз перзент демесен, аулы да бар он шакты үй, байы да бар соқталдай, бауыры да бар байының — немерелес әменгер. Құнікей сауда үйінен, үйрімен шықпайтын, өншең қортық корген көз.

Бар болса, олар қайда жүр, бірі басын көрсетпей? Ауылды қойшы, ауыл ғой, жайшылықта бауыр ғой. Байы қайда Құнікейдің? Қосағы бүйтіп жатқанда, колының үшын бір бермей, жанына жақын бір келмей?

Келмек тұрып сұнқа адым, жұлық жамап қаңғып жүр, қатқан бар деп қай үйде – көкше тұтін аңдып жүр, жамауменен жан сақтап, қара басын қамдап жүр.

Қамдағаны құрысын! Құнікейдің көзі тіріде бір қатынмен сөз байлап, алуға соны онтайлап, төртті-бесті қараның бір-екеуін беруге, бүгін-ертең қам қып жүр.

Құнікейдің көзі төрт,  
Көкірегі жанған өрт.  
Бәрінен де жанына  
Батып жатқан осы дерт.

Ауыл-аймақ,abyсын, не жақыны-алысы, не тамыры-танысы, не алған серігі, жеті жылғы жолдасы – бәрі бірдей безгендей, Құнікей сонша не жазды?

Не жазғанын бейбактың мен айтайын, жігіттер, құлағынды сала бер, көкейіне ұнаса, мәнісіне қана бер.

## Ол күнде

Ол күнде Құнікейдің бала кезі,  
Сүю мен жек көруден таза кезі.

Сонда да:

Мені сүйген жігітте не арман бар?  
Айтып тұрган секілді отты көзі.  
Құнікейдің өкесі Құлтума-ды.  
Құлтума құл боп туды, ұл тумады.  
Құл туғанын сонан біл: Ордабайдың  
Өмірі қойын бағып қолтаулады.  
Шешесі Құнікейдің Шекер еді,  
Өзі де Шекер десе шекер еді,  
Құлтуманы «Шекердің байы» деуші еді.  
Шекерді «қатыны» деу бекер еді.

Ейткені:

Ақ жаулық, қылаң ұрган, қылаң Шекер,  
Етегі аяқ басса, бұлан етер.  
Мықынын қысып қалсақ; – Өй, қағынды!  
Қойшы! – деп еркеленер, бұран eter.  
Ордабайдың ауылы – өңшең боз бас.  
Қолы бос, делебесі неге қозбас?

Қызды ауылды торудан торықса да,  
Немесе оңайына обықса да,  
Шекерден айналып кеп өйел озбас!  
Күнікейдің ағасы бар: Жұматай таз.  
Тамақ беріп жұмсаса, ол соған мәз.  
Көп бала бүралқы итше түйе бас қып,  
Желін қап тақиясын алып қашып:

«Тазым, тазым, таққан таз,  
Тазды құдай қаққан таз.  
Бес ешкісін баққан таз,  
Үй айнала қашқан таз,  
Тұырлықта тышқан таз...  
Өулекі, жынды қекек, коныр ала қаз...»—

деп ажуалап, ыза қылушы еді.

Әкесі қойши Құлтума, ағасы Жұматай таз, «қоңыр ала қаз, алпыс үйрек, бір тырна, жата қалып жер тырна» болса да, Күнікей Құлагердің баласында үздік туып, он ұшке жетер-жетпесте бозбаланың көзін тартып, баласынбай «сөз айтуға» жарап қап еді. Қызы-бозбала жиылышы сауық құрганда, орамалдың бетін Күнікейге бүрганда:

Қолыңның айналайын саласынан!  
Көзіннің көніл қояр қарасынан.  
Сүйрік боп жалғыз өзі қайдан шыққан  
Қамыс пен қара өлеңнің арасынан?—

деп, бозбала көзді бір қадап қоюшы еді.

Қадаса да сүмдүкты ерте сезгіш, жырынды Шекер қызына қарлығаштай шыжбақ боп, жүрсе-тұрса көзінен таса қылмай, тұтқындағы жаннан бетер бағушы еді.

Бірақ Шекер шеше болам деп бекер арам тер болды. Баланы іспен емес, сөзбен, үлтімен емес, акылмен үйретпекші адам сорлығой. Шекер өзіне «құдай жұқтырмағанды» қызына оқыды. Қызы көргенін тоқыды. «Бозбаламен өзі неге ойнайды?» деген сұрау Күнікейдің ойына ерте бекіді. Он төртке аяқ басқан сон-ак көзі жанып тұрган Күнікей апасынан құрық әкетті.

— Жә, жә, өзім де білем, бала емеспін фой...— деп, бұрымын арқасына бір ыршытып, етегіне айнала бір қарап, шығып кететін күйге үшінрады.

Күнікейдің ерлігіне апасы өнін бұзғанмен, көмейі бос: озіне тартқанын, бозбаланың көз салғанын бір есептен теріс те көрмейді. Қай есептен екенін кім білсін, ананың мақтанышы да. Күнікей оны сезеді.

Апасы жылтырағанды Құнікейдің үстіне жапсырады, шашын жылтыратып тараиды, ореді, омырауын қызыл, жасыл жіппен кестелейді, тана моншақты қамзолына тағады, уақ күмістен сылдырмақтай шашбау да істейді. Құлтуманың тыққыштап әкелген пүшпак жабағысына бақалышыдан айна, тарақ, жұпар сабын, шаш майын өпереді.

— Eh! Кімнің қызынан кем?

Баласын оннан асқан соң-ақ Шекер тегіне атастыруды ойлаған. Бірақ әркімдер-ақ ауызға алса да, бірінің жетесін, бірінің қабын, бірінің сабын, бірінің малын, бірінің мұрнын, бірінің кенірдек сақалын жаратпай, Шекер аяғына отыргызбаган.

— Қойшының қызы деп кемсінеді ғой. Адырам! Ханның қызына берем бе екен!— деп қоятын.

Әйткені өзін қойшының қатынымын деп Шекер өмірі ойлаған емес қой. Қойшы — тек қол байлау, құдай бүйрығы: Анығында Шекер өзін ана мырзалардың қатынымын деп есептейтін.

Шекер «Сырдың сұын жұлдығынан келтірмей» жүрсе де, енді ойланбасқа болмады. Құнікей 14-ке келіп қалды. Енді Құнікей небір қыздарды да отыртып кетеді. Сөйлесе — түбін түсіреді, он колынан онері төгіледі, құлсे — аузынан дүр шашылады. Ән шырқаса — сүйегінді шымырлатады, Шекердің озі соққан еді ғой ана кезде. Сойткен қызға сенім бар ма? Кім біледі...

Сойтіп жүргенде Ордабайдікінде Тұяқ дейтін етікші жатты. «Кебіске Шегебайдан да бұл откін екен: өкшени бес-ақ шегемен тұрғызыдады... Асауға құрық салса, тырп етер емес, өкше сіріні тастай ғып, әшекейлеп таставиды. Тақаны қылмита мінеуге келгенде, жер жүзінде бұдан етікші отпес...» деп, қымызға жиылған құла ауыздардың ауыз сұын құрып жүрді.

Шекер Ордабайдікіне қымызға барғанда, ана жақта, жүктің бұрышында: «Пүп-пүп!» деп, былғарыға су бүркіп, тықылдатып, құжыраңдал жатқан мойны ішіне кірген бір жаманды көруші еді. Оны кісі екен деп артық көз тоқтатпаушы еді. Жүрттың жер-суға түсірмей жатқанын естіген соң, Шекер де тігінін көргелі:

— Былай тұршы, біз де көрейік,— деп, етікшінің пышағын, бізін, балғасын, кемпірауызын ұстап, қамалап жатқан еркектерді кимелеп, біреуінің қолынан кебісті жұлып алып қарады. Байдың кебісі екен, олай-бұлай аударып көрді де, шүйкесінің қылшығын бір тістеп алып: «Теріс емес» деп, ерніне жабысқан жұнді түкіріп таставады. Сонымен кете барды. Қайтып оның ісіне Шекер көз салған жок.

Бір күні кешке таман Құнікей Ордабай үйі жағына барып келіп:

— Апа, сен Шәмшидің кебісін көрген жоқсың ғой. Бір түрлі сұлу болты!— деді.

— Ә, қойши, несі бар дейсің!.. Қандай екен?— дегенде, Құнікей қолымен, ернімен, қасы-козімен көрсетіп, өзінше оте әдемілеп суреттеді.

Байсалды кісімсіп, Құнікейге: «Корсе қызарсын-ау» деп отырса да, аздан соң өзінің де әуесқойлығы ұстап, бір жұмысқа барған кісі бол Шекер байдікіне жөнелді.

Келсе, сынар кебісі Шемшидің алдында — қолсандығында қаздып түр екен. Шекер жаңына барып, кебісті алып айналдырып қарады, кобінесе өкше жағына көз салды. Жарма коттік қылып, қызыл-жасыл шарық жіппен иттіс шалып, сірісін қошқар мүйіздел қойып, тақасын шонқита қаза мінеп тастаған екен. Кебіс жұтынып түр. Шекер көріп-көріп, демін бір-ақ шығарды: кебіске қызығып, күншілдігі қозып кетті.

— Құнікейге мен де осындай бір кебіс тіккізіп берейінші,— деді.

— Тіккізсөң, шамаң келеді гой!— деп: «Саган арам болар» деген кісішіе, Шемши қасын керіп, төменгі ернін бұлтын еткізді.

— Несі бар, «Ердің құны, нардың пұлсы» деймісің?— деп Шекердің де жыны ұстап, баstryрмалатып шығып кетті.

Шекер келе сала жаман өбдіресін бүйі тиғендей астан-кестен ақтарып «төрт қой, торт киімнің» біреуін суырып алды. Ол Құлтуманың байдікінен алған бас ұltаны еді. Кебістің сайманы онымен түгенделе ме? Шекер ауылды қыдырып жүріп, коттік така, сірі, ішпек тәрізді жабдығын тауып алды. Шарық жіп бақалышыдан, тарамыс өз үйінен шықты. Барды да Тұяққа сойлесті. Ордабайдың етіктерін бітірген соң, Тұяқ Құнікейге кебіс тікпекші болды.

Он шақты құннен кейін Шекер Тұяқты төрінің алдына отырғызып, өзі — тарамыс, Құнікейге шарық жіп ширатқызып:

— Қарағым, ондал тік! Бар өнерінді сал. Шемшидің кебісінен асырмасаң, кем қылма...— деп тақымдал, қайрап, қадағалап отыр.

— Бар өнерді аямайық,— деп Тұяқ сулаған молақ балғаның сабымен ысқылап, жаман көздің астымен Құнікейге бір қарап қояды.

Киядағыны қөретін Шекердің қырагы көз құйрығы құтқарсын ба, Тұяқтың жаман қарасын сезген соң, жатарда тосек-орын жоқтығын сылтаурағып, байдың қонақ үйіне жіберіп жүрді. Әйтте де көніліне келіп қала ма деп, күндіз кебіс тігіп отырғанда Тұяқтың үй ішін, малын, ауыл-аймағын сұрап, әлі күнге қалындық айттырмай жүргенін де сөз қылып:

— Жігіт адамға қыз табылмаушы ма еді... — деп көнілдендіріп, есек дәмелі қылып қояды.

Құнікей жоқта өзінің де жайы-күйін сөйлемп, осы бір-екі күшік болмаса, жаман қойшыға әлдеқашан тұрмайтынын, Құнікейін жыламайтын теңіне қосқысы келетінін білдіріп, ара-арасында:

— Егестіргенде Шәмшидікінен асырып жіберші. Тағаң жетсе, өкшесін онықінен пышак сыртында болса да артық сал. Әйтеуір өнерінді аяма, қарагым!— деп бір ескертіп отеді.

— Бар өнер болса, сізден несін аяйық,— деп, Тұяқ ыржиган болады.

— Иә, сойт, қарагым!.. Мен де бір керегіне жаарармын... Тіпті таныс бол кояйық. Біздікіне келіп-кетіп жүрсейші. Байдікіндей ет-қымызымыз болмаса да, айран, шалабымыз, ықыласымыз болады гой...— деп жылы сөздін де шетін сөздіріп, бір-екі сиырдың ірімшігі мен қаймағын, қатығын аузына тосады.

— Ет, қымыз үнемі бола бере ме... Біз енді не қылышп, атқа мініп, нетіп жүрген кісі емес... Бәрінен де адамның несі керек...— дегенде Шекер тартып отырган тарамысын тісіне қыстырып, әнтек қоя тұрып, қүйқылжыған көзінің құйрығымен сүмдана қарап жымияды. Оны көріп Тұяқ та жымияды, балғасын қаттырақ сермел, тізесін қымылдатып, қутындал қояды.

Не керек, Тұяқ бар өнерін кебіске салды, аянган жоқ. Шекердің де бұл кебістен аяғанын ит жесе болмай ма. Кебіс Шәмшидікінен аспаса, кем болмады. Тұяқ жарытып ақы алған жоқ, тек ықыла-сына ырза болды.

Тұяқ ауылына қайтарда Шекердікіне келіп, дәм ауыз тиіп, қош айтты.

Шекер қызымен тысқа шығып аттандырып:

— Келіп-кетіп жүр... Қөрген жерде ауыл бар... Етігіміз болса саган тіктірейік,— дегенде:

— Е, нетсек, келмей енді...— деп Құнікей екеуіне кезек қарап, Тұяқ жүріп кетті.

Тұяқ кеткеннен кейін етік жайынан соз қозғалса, Шекер Тұяқты аузынан түсірмей:

— Шегебай қайда?! Тұяқтың бір шанышқанына да тұрмайды,— деп мактап жүретін болды.

Сойтіп жүріп Тұяқ Құнікейді айттырды.

Тұяқ — 6-7 қаралы кедейдің баласы. Мұрны кертеш, иегі кемиек, бет-аузы құдды шөміш, мойны ішіне кірген. Бейнесіз-ақ жігіт. Сонда да Шекердің қолайына жақты. Шекердің айтуынша мұрнының да «дәненхесі жоқ», қолы да «епсек», өзі де оны-мұныға «епті», мойны да «сұңғақ», өні де «ак құба» жігіт боп шықты.

— Со кертештен басқа кісі құрып қалғандай...— деп Құнікей сырт айналып бұртындал, жамап отырган әкесінің жаман шапанын лақтырып тастап көріп еді, Шекер мойнын ит ала қаздың айғырындағы созып, бүркітше түйіліп, бурадай шабынып: «Болмайды деген не?» Қарды да, жарды да боратты, жылатты, сыйкатты — ақыры қондірді. Құлтуманы қойши, ол бір өлген кісі гой.

Эн-миңе дегенше, Тұяқ бір-екі қарасын беріп, құда түсіп, қүйеу боп, бұрынғы келе берісті сиретті.

Тұяқ күн сайын тапқан-таянғаның қалыңға тоса берсін; Күнікей шолпны тағып, өн салып, бұлғактап өсе берсін; енді әңгіменің бетін өзге жаққа бұрайық.

## Көшкенде

Ол күнге жиырма жылдан асып кетті, жиырма бес жыл да боп қалған шығар. Ол күнде айдабол, күлік, ақ бура, тұлпар, қозған, қақсал Шідерті бойын жайлайды. Өленті мен Шідерті – катар аққан өзен. Өре басы Есіл Нұрадан келе ме, кім білсін, Өленті – Аққөлге, Шідерті Жайылмаға барып сарқады. Онда Шідертінің суы мол кезі. Жалғыз-ақ Шиқылдақ аулы болмаса, о кезде Шідерті бойын қыстаған ел де жок. Сөуірдің алашабыр бұлты арылмай-ақ Баянауыл, Қызылтаудағы қалың сүйіндік атандарын алқынтып, бүйдасын көш құлаш созып, Бекембай, Арқалық, Жаманадыр, Желдіадырдан асып, Шідертіге қарай ағыл-тегіл құлай бастайды.

Жонның қар суымен шығып, желкілдеп тұнып түрған бидайық, шалғын жеймін деп жанталасып күліктен алдымен Ноқаң ауылы көшеді. Ноқаң малсақ кісі еді ғой. Ноқаң түннен көшеді, үдере көшеді. Қатын-баланың жақ жүнін үрпите, көзін іріндете, иегін дірілдете, көлікті зорықтыра, арықты өлтіре көшеді. Қызылтаудан он бес көшкенде Шідертіге түседі. Ноқаң ауылы озге ел барғанша, жонның соны шалғынына қардай шүйгіп, аш қасқырмен арпалысып, малының түтін тартса, майы шығады.

Ноқаң кеткен соң, Ордабай ауылы да қопандайды. Өлер-тірілеріне қарамай, олар да айдайды. Айдағанмен Ноқаң бір сағым жеткізбейді.

Ордабайдың қызы-келіншектері бәт құндызы бөріктерінің үкісі желкілдеп, жорға мен жүйірік мініп, алдыңғы көшке сыйдыртып ете шықкан, кереге, уық құрымын теңдеген ала шолак, тарғыл шолақ сиырының соңында қүзеген көк байталмен қалықтап келе жатқан Күнікейдің зығыры қайнайды. Такымды бір қысып, қамшыны бір басып, шаба жөнелгісі келеді де – талабы тас болады. Күнікей азуын шайнайды.

– Осынша топтан бір жібі түзу мал табылмады ма? Мінбеймін шолак байталға, – деп Күнікей о баста-ақ азап салған, бірақ шешесі:

– Қарагым-ау, сүйгенінді мінетін өз жылқың ба? Тигенімен жүре бер, құдай жеткізер... – деп, бастырмаган.

Шынымен дейсіз бе? Жоға, онысы өншнейін ғой. Күнікей бедеу мініп қылаң ұрса, төбесі көкке жетпес пе еді? Күнікей тұрсын, астындағы құлағы қалтиған, карыны қорылдаған шобырға өз қоңілі де бейжай.

Шекер «құдай жеткізер» десе де, жеткізбесін іші сезеді. Бір көшті, екі көшті, үш көшті. Кәне, жеткізгені? Жалаң бұ жолы

ма? Жеткізбекелі қашан? Қунде козін қызықтырып, бай қыздарының сонденіп, құтырынып жүргені анау. Бұл ой Шекердің басын жегілеj жеді. Шекер шара іздеді, оны ойлады, мұны ойлады: байдан да, құдайдан да «жәрекім алда» болмасына козі жетті.

Шекердің қабағы, еріні аттай тулап келе жатқанда, бай бала-лары көп жылқыны құндей күркіретіп, қиқулап айдап, сиырды басып кете жаздал үстінен отті. Астындағы жаман неме де бүйірі қызып:

— Ий-еhe-hу-o! — деп үйірсек тұлпарымсып, шіңкілдеп басы мен қүйрығын көтерейін деп еді Шекер:

— Кет, әй, өлімтік! — деп бір езуін жүлқып, шолақ сабауымен желкеден біr қойды.

Жылқы лек-легімен отіп жатыр.

Уай, дүние шіркін-ай! Анау қара ат, торы ат, құла бие, жирен бие, әне біr құла биелерге Шекер де, Құнікей де мінер ме еді!

Қаздия, қақия отырып тақымды жапсырып, өкшені қадап тастап, көк койлектің етегін, ак шаршының ұшын делендетіп, елпілдетіп, елеңдетіп желер ме еді? Анау бοқ мұрын Шоқандардың астындағы ак селеуді Құнікейдің астына берер ме еді; Шекер кедейлікті, қорлықты, койшыны біr құн, біr сағат ішінде талақ қылмас па еді? Бірақ оған қолы қалай жетеді? Кім жеткізеді? Құдай ма, бай ма? Жоқ, жоқ, жоқ! Өзі, озі жетуі керек!

Көп жылқыны еріккен балаларға айдатып, озі Тұгелбай адырына мана жосып кеткен қысыракты қайырып, тымақтың желкесін мықырайта киіп, құрығын сүйретіп, жылқышы Домбай келе жатыр екен. Денгейіне таянғанда Шекердің козі от бол жайнап, шобырын борбайға біr коміп, сиырдан оқшаулана беріл:

— Әй, Домбай! Қайырылышы,— деп, қамшысын шошайтты.

Домбай байдың коп жылқысын оз мандайына біткендей була-нып жүретін есерлеу жігіт еді, ойткені көшкенде көршілерге еп-теп өз таңдауымен де ұстап беруші еді. Анда-санда байдың, бәйбішенің козі түсіп: «Пәленшеге ол атты неге бердің» дегенде: «Содан қолайлы аттың реті болмады, таң асырып жіберейін деп ем, жылқы өріп кетіп, өзге аттың жоні келмей қап еді» деп жоқ-тан өзгені сылтау қылып жұбата беруші еді.

Осы Домбай ана жылы біr түні Шекерге қол салғанда, Шекердің онда іріленіп жүрген кезі ме, өзге себеп болды ма, кім білсін, әйтеуір меселі қайтып еді. Содан бері Домбай түйеші Жаманай-дың жаман Тәуекішін талшық қып, Шекерден құдер үзіп кетіп еді. Енді көк койлегі көлендеген, байбатшалармен айналыс қылатын Шекер медіресін қылған соң, не жаны тұрсын, қысыракты «Өй, ит!» деп, біr ыршытып жіберіп, айғырын шаужайлай берді.

— Е, Шеке, жақсы ма?

— Жақсы емей, жаман деймісің?

— Атың келісіпті ғой.

— Ой, құдай атқыр! Осынша жылқыдан бір тәуір мал қолына түспеді ме?— дегеннен-ақ Шекер мойның былған еткізіп, козін тоңкеріп жіберді, іші білді, мұрт құлді.

Шекер бірталай сойлесіп, жынып қайтты.

— Немене апа?— дегендеге:

— Саган бір жақсы ат бер деп тапсырдым. Ертең жүгенді озін апар!— деді (бұрын атты Жұматай таз өкелетін).

Ертенгі көште Күнікей құйрық-жалы Шәмшидің шашындағы төгілген жарау тобылғы торы биені алып келді. Көк байталдың жанында дүлдүл тәрізді.

Шекер бұрын да айтқан фой, жаман шомыттарын сиырларына артып, озі жонеліп бара жатып, Күнікейге тағы да:

— Бар ана Шәмшилердің қасында бол! Елеңдеген мал көрінеді, жығылып қалма!— деді.

Күнікей қызылашып белбеуімен қыпшасын қылдай қып буынyp, қызыл тақиясының үкісін дөңгелете сілкіп, желпілдеп, кебісін тазалап киіп, атын жетелеп, байдың жұртына барды.

Байдікі он шақты түйеге жүгін артып болған екен. Тұрғызған түйелерді салды балақ малшы қатын жетелеп тіркеп, алдыңғы түйені тау кеншіктей сирақ Қырықбайына ұстатаң қойған екен. Жаулығы қоқырайған Қара бәйбіше құптей боп жұртта шалқынп түріп, кейбір жүгі ауған түйелерді көріп:

— Дүйсенбай, Дүйсенбай! Сен қайда жүрсің ана ауған түйені бүрмай?— деп шанқ-шаңқ етеді.

Дүйсенбай мандай терін шапанының етегімен бір сұртіп, да-лақтап жүгіріп барады.

— Сен, неғып тұрсың, бозбала жігіт боп сіресіп; кымыз ішкенде сондайсың... қолыңа жұғып кете ме? Бар, ана түйені бас арқанды тарт, атты ертте!..— деп Қара бәйбіше көрші жігіттердің онысын оған, мұнысын бұған жұмсап, бүйірып тұр. Жігіттер үн-тұн жоқ, жүгіріп қауқалаңдап, мықшындалап, бүйірығын орындалап жұр.

— Е, мына қыз да сөндөніп шығыпты фой. Мынау атты бұған кім берген?— деп, Күнікейге де көзі түсіп кетті.

Күнікей қыпылданап, сазарып, тұқ айта алмай қалды.

— Ала-ау, не қыласың. Біздің қасымызда жүрейін деген фой,— деп, Шәмши ара түспесе, Күнікей торы биеге қош айтysатын еді, Шәмшиге де нөкер керек қой.

Күнікей атын көп атқа матастырып, жұртта таранып, сыланып жатқан Шәмши, Шәлкендердің жанына келді. Шәмшиден жылы сөз естігенге ме, кім білсін, жердегі белбеуін, сөлісін өперіп, шол-пышын сыртына шығарып, жылпылдаған болды.

Қарыны кебежедей бір можа биеге малшы қатын мінем деп, үзенгігеп аяғы жетпей мықшындалап жатыр еді.

— Ана жаман құнді атқа салып жіберші,— деп, Қара бәйбіше Сәрсембайды жұмсады. Сәрсембай:

— Эй, өлімтік-ай!— деп, малшы қатынды мықынынан бір түйіп, ашасынан алып, аттың үстіне бір қойды.

— Токта, қағынды! Атымды алайын,— дегенге қаратқан жоқ. Малшы қатын ыржиган болып, критон койлелгін жуырда астына баса алмай, ердің үстінде бұкшепедеп, қопылдай берді.

— Әтшу, әтшу!— деп бәйбіше көшін жонелтіп, бір қатынға құман ұстатьп, түзге жонелді.

Бәйбіше келгенше нөктерлер кара пәуескеге пар атты жегіп, дайындаپ түр еді. Даиршы қатын мен екі кішкене немересін қасына алып, бәйбіше пәуескеге мінгенде, Құнікей тажалдан құтылғандай демін бір алды.

Оған дейін ауылдың қыз-келіншектері де көштерін мана жонелтіп, түзеліп киініп, аттарын жетелеп, байдың жұртына бір-бірлеп жинала бастап еді. Ат ертеген, ат ұстаган жігіттер байдың қыз-келіншектерін аттандырып, етегін жөндеп, шылбырын аттың мойнына байлан, сарыбас қамшыларын әперіп, баптап жонелтті. Құнікей сияқты көршінің қыздары атына өздері мінди.

Құнікейдің көзі Шәмшиде. Үлбіреген ак мәре койлелгі аяғын қалай жапқанын, етегін қалай жинағанын, үзенгіге аяғын қай жерінен салғанына шейін байқап, өзі де сондай болғысы келді. Бұда үзенгісін табанының орта кезінен салды, шапанның етегін Шәмшише тақымына қыстырыды. Бірақ өзгесін келтірсе де, койлелгін кебісінің тұмсығына жеткізе алмады, қалай созғыласа да болмады. Әнтек қысқалау екен.

Қыз-келіншектер жұрттан былай шығып, катар түзеген сон Шәмшидің боз жорғасынан қалмасқа, бәрі де желді. Құнікейдің биесі желісті екен: жайнаңда, резенкедей созылып, ағызбақтай сумандап барады. Алдына шығып кетсем, байдың қыздары қызығып, ендігі жолы алып коя ма деп, Құнікей атының басын тежей берді. Қашағанға, жарысқа көп салынып, желікпе бол қалған жандар екен, қызып ала-ала жонелді.

Шәмши боз жорғасын тайпалтып, ерден көтеріліңкіреп, қамшыны бір басып еді, кобінің аты шоқырақтап шауып кетті. Сүйтіп келе жатқанда артта қалып, насыбайын атып алған жігіттер қуып жетіп:

— Ал, жарыстық!— деп, айғайлап өте шықты. Бұлар да жіберді аттың басын.

Ала сәуледе жасыл шөпті жапырып, өкпек желді естіріп, көкіректі керіп, тым-тырагай айдап келеді. Шу дегенде боз жорға шықты алдына, оған тете Құнікей келеді құйғытып: шапқан саяын ызығып барады. Шәмшиден озбайын деп, атының басын тарта береді. Бірақ қолын сірестіріп, жұлып әкетіп барады. Әлі келгенше тартып бақты. Шәмши ұзап алып, артына жалт-жұлт қарап, масаттанып қояды. Артқылар таянып капты. Өзгесін қойшы. Тыржықайдың шөп желке кара қызы да жетіп қалты. «Саған озғыз-

ғанша» деп Күнікей аттын басын жіберді. Жіберіп еді, биесі ағып кетті. Ағыны мұндай қатты болар ма? Өкпек жел дауыл бол көзінен жас ыршып-ыршып кетті. Жығылып қалар ма екем деп ойлайды. Бірақ тақымы сүйсініп барады. Қоштегі атты, арбалы, сиыр айдаған, түйе жетелеген жандар бір-біріне қосылып, үздіксіз тізбек бол, құйындал, зымырап артта қалып барады. Күнікей кетті: бәрін де артына доптай лактырып өтті. Қек байтал да, шолақ сиыр да, таз Жұматай да, қойшы Құлтума да естен шықты. Жалынды жаңа, жат дүниеге кіргендей, тамыр біткені, жүрегі оттай заулан, көтеріңкі, асқақ сезім кернеп, анау көгерген аспанмен арып келе жатқандай болды. Сиыр айдалап келе жатқан апасы қызының қарсы алдында үкідей ұшып бара жатқанын көргенде:

— Ойбай-ау! Жығыласың гой! Тарт басын, тарт!— деп безектен, шырылдал, тебініп ұмтылып еді Күнікей: «Жығылатын кісін мендей бола ма?» дегендей қамшыны бір сермелеп, құйғыта берді.

Көштін алдына таман шығып, будырдан асып, алдынан Арқалықтын қолденен жотасы көрінгенде, Күнікей артына бір қараса, Шәмши қапты далада. Манағыдай емес, енді Шәмшиден қорықкан жок; бойына бір ерлік, өжеттік пайда болған тәрізді. «Қашанғы қорғалай бергенше, бір ұрып алайын» деп ойлады. Астындағы бедеуден өлсе айырылғысы келмейді.

Әлден уақытта қызының ойқастап барып тоқтаганын көргенде Шекер бір тамсанды да жымиды.

— Қарағым астына ат түспей, қор боп жүр екен гой! Не боса, о босын, бәрінен де озды. Тілеуің берсін, Домбай!— деп, тақымын бір қысып қойды.

## Күн менікі

Күнікей ойысып барып бедеуін тежеп, шашыраған етегін жинап, көшке қараса, Қара бәйбішенің пәуескесі көш алдына түсіп қалған екен.

Қара бәйбіше көштін қыр соңынан жонелсе де, божы ұстаган жалақ Некені «Айда, айданың!» астына алып, жолдағы сиыршыларды кие-жара, арбаларды соқпырта, бұзауларды бүйірден түртіп домалата, қос құласың шалтыра желдіре, көштін алдына түспей көнілі қөншімейтін.

Күнікей озғанына мардамсып, қоқиланып бұрылса да, қара пәуескені көргенде жүрегі зырқ ете түсті. «Мына тажалдың көзі тағы шалып қалмаса игі еді» деп қауіттенеді. Күнікейдің багына қарай бұжолы Қара бәйбішенің қанталаған ала көзі сүмектей бол танауратқан тор бедеуді шала алмай қалды. Өйткені пәуескенің ернеуіне еңсеріле асылған бәйбішенің көзі қоште келе жатыр еді.

Неге десеніз, Ордабайдың үш баласы үш ауыл ғой. Олар бәйбіше қатыннан. Қара бәйбіше – Ордабайдың тоқал алған қатыны. Бәйбіше өліп, өзінен екі үл, үш қызы туған соң, бұз да бәйбіше атанған. Сөйтіп, Ордабайдың төрт ауылы бірге көшетін. Бәйбіше балаларының көші бұрын жөнеліп, озып кетсе, қонғанша Қара бәйбішенің аузында да, астында да дамыл болмайтын. Бұл жолы да Ордабайдың үлкен баласы Омардың көш алдына түсіп, көрші Көшербайдың жырық кемпірі құндлігі қайқайып, ала биені тебініп, жырық сары атанды қарсы алдына салып, шуда қақтырып, жеткізбей келеді екен. Олардың қызы-келіншек, малшы, құлшылары да Қара бәйбішенің сырын біліп алған ғой: көштің ауған-қалғанын ат үстінен түзеп, қасақана айдатып келеді екен.

Манағы атына міне алмайтын кертанау мықыр Тұрсынға:

– Ебілет-ау, атың жүрмей келе ме? Негіп бақайын қыбырлатып келесің? Өлімтіктің қолына шыбық та түспегенін қарасайшы!.. – деп Қара бәйбіше зығырланып, шабынса да, көштің орта кезіндегі қырсау қара атан мұрны созылып ауырган соң, «Не де болса бәлесін бір-ақ көрейін» деген немеше кегжөң етіп, бас жібін (бүйдасын) шарт еткізді.

– Ай, ай! Ана ақ шелек тағы қалды! – деп түйе басын тартқан биеші Дүйсенбай кейіп, баж ете түскенде, көш жетелеп келе жатқан Тұрсын бұрылып аялдайын деп еді, Қара бәйбіше одан жаман шарылдан:

– Тоқтатпаши көшті, тоқтатпа!.. Әй-й, салды балақ сасық құнай! Сенің шашынды жұлмасам ба! – деп ойбай салды.

Со кезде Құнікей пәуескенін ар жағын орагытып, көштің тасасымен қыздарға барып қосылды. Апасының бәсекесін жаттаған Шәмши де арттағы бір бунақ көште қара інгенді бір қызға жетектетіп, сарбас қамшымен қара терге шомылған борбайға шыптылдатып үрүп келеді екен. Жанынан Құнікейдің өткенін байқаған жок.

Артқы көштің деңгейіне келгенде бос жұруге арланып, бір жағынан, «Бұз да болысып келеді екен» десін деп, Құнікей тартынып қалған бір түйеге жанаса кетіп, бас жібін іліп алды да, естісін дегендей: «Әтшу, әтшу!» деп, дауысын шығарды. Шәмши артына қарап: «Е, Құнікеймісің? Тірке» деді. Құнікейдің «немқұрайды»ғып, өтірік жарамсақтанып келе жатқанын қайdan білсін. Шәмшидің жүзінде зіл көрінбегенге Құнікейдің де көніл жайлайнын деді. «Бай балаларының бәсеке таласқаны мұндай жақсы болар ма? Бізге жалынышты болады ғой. Біzsіз бұлардың құні бар ма?..» деген ой келді.

Құнікей түйені тіркеп, тақиясын түзеп киіп, он жағына қаранды Ордабай айналасының барлық шаңырағынан да үлкен, құлімдеген қызыл жакут құн көктің бір өнірін сары алтынға малып, екі түйенін арасынан абажадай боп адырдан суырылып

келе жатыр еken. Мана Арқалықтың басын жалап тұрған алтын сөule заматта ылди біткенге шашырап, ол сөulenің жуан ортасында Құnікей де келе жатыр еdi. Өні қашып тұrған көк шоп, қызылды-жасылды, сарылы гүлдер де аты бәйгеден келгендей, ажарланып, жылтырап, құлпырып ала жөнелді. Шарықтаған са-йын үдеткен бозторгайдың шырылы, боталардың қоңыраудай сың-ғыrlаған жіңішке, сұлу, қаяусыз зары, енелерінің ауық-ауық қоңырлата бастап, қоюлата көтеріп, біr жоғары, біr төмөн тол-қынтып, жіңішкерте, сүмірейте созып: «У-ү-ү-h» деп барып ба-сылған ыргалаң боздасы сайын даланы жаңғырықтырып, өз ал-дына біr гой-гой тартып, біrіне-біrі ұласып, қызғыштай қытқыл-дап, қыргидай шықырлап бара жатқан арбалардың шиқылы: «Апа, деймін, бауырсақ, ірімшік...» деп, кебежедей басын шығарып қара қожалақ жас балалардың ызындаған қыңқылы – бәрі де бүгін Құnікейдің жанына майдай жағып, дүние өзіне бола жаралғандай, алтын күн өзіне бола туғандай көрініп келеді.

Құnің мұндай айбынды, сұлу еkenін Құnікей бұрын көрсеші! Мына күн тап өзінің, өз үйінің күні төрізді. Жып-жылы, жап-жарық!

«Әтшу-әтшу, мойнағым! Шырла-шырла, торғайым! Қарның ашты-ау, ботақан! Мә, ірімшік берейін, қоя қой енді, қалқатай!.. Әлі-ақ ауыл қонады, ашқан қарның тояды...» деп ойлаганда, бала күнде ауыл көшкенде айтатын:

Ертең ауыл көшеді,  
Тұндік бауын шешеді.  
Қара қойым қашады,  
Құмалағын шашады,—

деген ойыншиқ өлең есіне түсті. Құnікейдің балалығы үстап кетті: бозторгайша аспанда, қызыл гүлді, алтын күнді мадақтап ән сал-ғысы келді. Сол кезде іркіс-тіrkіс түйелер де біrіне-біrі жалға-нып, катар түзеп көш сәніне кірді. Қыз-келіншектердің қолы босап, бастары қосыла бастады. Тыржықбайдың қызы:

Жосалының басынан жоса алмадым,  
Жорға мініп алдыннан тоса алмадым...—

деп, «Ай-ай сөuleм» деген әнді жөндеп сала алмай ыңырып, әуре ғып келе жатыр еken. Құnікей мұрнын тыржитып, жаратпады. Айтты-айтпады, қазір сондай жай қоңыр, шобыр ән салатын шақ па? Қорғалдақтай шымырлатып, бозторгайдай шырылдатып, шыр-қап, қалықтатып, сорғалатып салатын шақ емес пе?

Қыздардың ортасына Шемши де кірді. Көшін жөндеп оздыр-ғанга көнілі біr демдегені ме, кім біlsіn.

— Е, ән салып келесіңдер ме? Көне, айтыңдаршы!— деді.

Байдың қызы жоқта ыңырып келе жатқан жаман-жұман қыздар:

— Ойбай-ау... жоқ... өншейін...— деп, құты қашып, дымын қоя қойды.

«Өңшең шірік күн! Онысы несі? Салмайтын несі бар? Соган бола ма, озіме бола саламын» деген кісіше, көңілі тасып келе жатқан Күнікей ешкім «айт» деместен:

Бауырында Шұбартаудың қос балапан.

Сол таудан дария толқып су тараған.

Сұлу қыз, әсем жігіт — бәрі сонда

Япырым-ау, неге келдім сол арадан?

Сол арадан а-ай Әкуда-дай...—

деп, сайын даланы жаңғырықтырып, қошті басына көтеріп, сұнқылдатып қоя берді. Қыздар: «Мынау қай жақтан шыға келді?!» дегендегі ауыздарын ашып қарай қалды. «Өзімді қошамет қып, ән салды гой» деп, Күнікей бір ауыз олеңді бітіре бергенде Шәмши бір қопарылып, мойнын бұран еткізіп:

— Эй, Күнікей-ай! Сен бір жаңып тұрган отсың гой! Е, көніл ашар деп осыны айт!— деп көпшіктең болды. Өйткені бұрынғы қоштің бүйтіп суырылып соғып жіберетін қыз қасында болмаушы еді. Күнікей Шәмшидің ол қошаметіне құлақ қойған жоқ, жүдемелете-жүдемелете 2-3 өнді тастап-тастап жіберді. Сол-ақ екен: Біржанның тоңкерілген дауысымен, «Ешкіюмес ел жиылды бауырында!..» дегендегі-ақ Күнікейдің аққұдай сұнқылдан, күмістей сыңырлап, бұлактай сылдырлап, бұлбұлдай құбылтып, бұлқындағы жұтынып, жүйкені босата, сүйекті шымырлата соргалатқан, кестедей нақысты, ботадай сүйкімді, балдай тәтті, күндей сұлу әніне кош бойындағы қыз-бозбала, қатын-қалаш жиналып қалды.

— Е, базар мұнда екен гой!

— Қоپ жаса, шырағым!..

— Қалғып-шүлғып келе жатқанда, үйкимызды шайдай ашты гой... Ой, тілеуің берсін!..

— Тағы да, қарағым, тағы да...— десіп қатындар да көтермелеп:

— Шешесі Шекер гой! Бұ қыз тегін өледі деймісің?..— деп аныз қылышты.

Астындағы торы бедеудей бауыры жазылып алған Күнікей, құдай берген өнерді аясын ба? Жұрт анталап, топ қөбейген сайын, аруактана, дәүірлете сокты, дөлебесі қозған бір-екі қыз да Күнікейге қосылып кетті. Күнікей бірталай айтып, айзын қандырған сон, ерігіп келе жатқан жұрт:

— Ал, бозбаларап! Сендер де айтыңдар! Қыз екеш қыз да айтып келеді,— деп кеу-кеулеген сон Мұсатай. Өйтікен сияқты боз-

балалар да керіліп, ыргалаңдай, көзін ашып-жұмып, айғайды салып, бүгінгі көшті ойын-сауық қылып жіберді. Сауықтың арты «үйқы ашарға», «аударысқа», «көкпарға» айналып, жұрт дырду-думанмен қонар жерге келіп қалғанын да білмеді.

Жолшыбай шидің, қарағанның, томардың түбінен үйректің жұмыртқасын тауып алдысып, бозбалалар қашып қуысып, кок шалғынды жосылтып, өңшен саусылдаған, дулаған жастар көштеген бұрын келді. Келсе – Арқалықтың бөктеріндегі Атшонқайға кош басшылар да жетіп, жатық когалдан ауылдарына жұрт сайлан, коп жұмыс тындырған немеше шіреніп-шіреніп түр екен. Құнікейлер де аттан түсті. Бозбалалар ат үстап, қантарып, матастырды. Ат екпіні, құн қызымен алқынып, қызара бортіп, ісініп келген жастар белбеулерін шешіп, шапанын тастап, желпініп, Құнікей сияқты көршілердің қызы көш келгенше тезек теруге жөнелді.

Көш келіп, байдың үйлері үлкен-үлкен жабасалмасын жасап алған кезде, сиырларының тілін салақтатып, сілекейін шұбыртып, бүйірін солықтатып, жүгіріп, сиырларын үстап, жүгін түсіріп жатқанда Шекерлер де келді. Тұтігіп, Құнікейге:

– Сайтан-ау! Соңша шауып... астындағыны алып қойса қайтесің? Мандағына басқан атынан жаман... – дегенде, Құнікей жайымен жұмыс істеп жатып:

– Ойбай, апа-ай! Ат беретін кісі мендей бола ма? Бүгінгі қүні менікі болған жоқ па! – деді.

– Не дейді, ойбай, мына қыз? – деген соң, Құнікей бүгінгі әңгімесін айтып шықты.

Шекер түк айта алмады.

– Сен бе? – Сен!.. – деп тамсанып жымиды.

## Тәйт әрмен!

Аяңдаса – тымақты алшыдан салғызып, желсе – желдей естіріп, шапса – құйындей ұшатын, қашағанды шебін жұтқызбай қағып түсетін бедеу торыны ендігі көште Құнікей тағы мініп шыққанда, өз сыйбағасына өзі құлдық ұратын құла ауыздар көлдененен көз салып:

– Шекердің қызы мына өнерімен әкетті-ay! Әйтпесе кедейдің тақымына сиятын жануар емес еді, – десті.

Дей берсін. Құнікейге торы бедеу тақымына басқан атынан бір кейін емес. Құнікей енді жылқы келгенде жүгенін алдып, өзі жүгіреді. Жүргендерде сағынып қалғандай, мойнынан құшактап аялайды, жіберерде бас-арқасын сипап, мамық алақанымен қабырғаға қағып қояды. Ұлы дүсір жарыс болмаса, анау-мынаумен жарбандасып шаптайды. «Қашаған қуып, қинап тастама!» деп,

күркесіне келе бергіш Домбайға да тапсырып қойды. О да айтқанын қылып жүрді.

Атшонқайдан асқан соң немене, Шанды, Сарыапан, Қызылқұдыққа қарай құлап кеткендей, демде барып қаласың. Қызылқұдықтан көшіп, Әулиетастың доңінен асқан соң, қарсы алдыңдан жарқырап Майсор көрінеді. Майсордың бұлағына бір түнеп, малды шалғынға шеміршектетіп алдып, қалың қаулы, жауылшалы, жонышқалы, бетегелі бүйрарат пен белден бел асып отырып, Шакшан адырының түбінен Шідертіге қылт ете түсесің. Жердің бәрі Күнікейдің қеудесінде сайрап тұр. Бәрі де бала жасынан бері қозы құған, бұзау қайырган, тезек терген, ән салған, ат ойнаған, асыр салған танымал жерлері.

Жолшыбай Күнікей қыздармен бірге жарысып, тобе-төбеден тарғыл жуа терді. Бозбалалармен ілесіп, қоян қуып, Құлболдының басына да шықты. Қызылқұдықтан көшкен күні Тыржықайдың қызына бір шәлкестеу байтал кез келер ме, мініп жүре бергенде, байтал аяғын бір көтеріп еді, қобалак сорлы жалп ете түсті. Байтал ер-тоқымды бауырына ала сартылдатып, Қызыладырға қарай құйрығын тігіп алдып, шығандап жөнеле берді. Күнікей атына мініп дайын тұр еді, байталды қуып берді. Бірталай ұзап кеткен байталға үкідең ұшып барды да жетті. Қайырмалады. Болмады, құйрықтан алды – тоқтата алмады. Содан кейін қабырғалай беріп, байталдың тізгінінен шап беріп ұстап, алдып қайтты. Артынан Мұсатай да шауып келеді еken. Тағы бір-екеуі әр жерде шашылып қалған ер-тоқымды жинап жүр. Мұсатай келіп:

– Эй, қарагым-ай! Сен бірдене боласың ғой! Әкеңнің көсегесін көгертер едің. Әттен, үл бол тумадың, не керек! Сенен «мынандайын» (шынашағын шошайтып) аяған құдайды да тәйірі алсын!— деп қалжындаған болды.

Мақтағанды іші тәуір көріп келе жатса да, Күнікей ойыншыны аралас:

– Кет, көргенсіз, жоқты айтпай...— деді.

– Жатқа қор қылмайтын бала едің, не керек. Кейқуат, жаман Тұяққа қор боласың...— деп келе жатқанда Күнікей мырс етіп:

– Е, жаның ашиды еken ғой?— деді.

– Ашымай енді... Жаным ашығандықтан айтып жүргем жоқ па...— деп, баяғысын тағы жақауратты. Күнікей өп-өтірік түсінбегенсіп:

– Немені?— деп, шешесі құсап көзін төңкеріп қылымсып, Мұсатайдың бетіне қарады.

Мұсатай кәдімгідей басалқы айтатын адам сияқтанып, алақанын жайып, басын шүлғып:

– Тым болмаса он жақта дәурен сүріп, қызық көріп қалсайшы. Жастық, екі айналып келер деймісің... естіп бұлғақтап жүре берем деймісің... Осы күні деген шағың... Жас-жастың тілеуі бір,

жібектің түйіні бір...— деп, сүре сөзге салып бара жатқан соң, Құнікей күліп:

— Мен бір жөні тұзу сөз айта ма деп келе жатсам, баяғы Қара тауың ба? Ондайыңды бізден өзгеге айт, шырағым!..— деп бірдененің шетін сездіріп, тежеп тастаны:

Мұсатай оған да тоқтамады. Анау көпке жетпей тұрып, бір сөз алып қалуга асырып, тікесінен:

— Бүгін тұнде барамын. «Бұ қайсың?» деп жүрме!— деп көзін қысып қойды. Құнікей:

— Демінің сағын!— деп ернін шыгарды.

— Құнікей, енді өзің білесін...— деп, Мұсатай қылмыңдал, қиқандап еді. Құнікей:

— Енді тәлкектеп не қыласың? — Қатышыңды айналдыра бер!— деп сөздін бетін ашты. Мұсатай абдырап:

— Қашан мен Қатыш...— деп келе жатқанда, ер-тоқымды жинаған жігіттер де ұшырасып, Мұсатай есек дәмелі бол қала берді.

Қатыш Тұрганбайдың «құрық қайтпас» сары қызы еді. Мұсатай да одан сау емес екенін Құнікей неғып білмесін.

Ауыл Майсордың құлагына — Былқылдаққа қонды. Байдың төрт ауылы ығы-жығы, бықыр-бықыр төрт түлік көк майсаға көміліп бырт-бырт жұлып, бырылдап, жусатып жатыр. Лек-лек балалар жарысып шуласып, қурақтан жұмыртқа алуға, кога тартуға Майсорға кетіп барады. Еректер бие қуып, құлын ұстап, әйелдер жаппа құркесінін алдына бықсытып от жағып, самауырын, шәйнектеріне шай қайнатып жатыр. Қыз-келіншектердің кейбірі сүйн әкеліп, кейбірі жолда дем алып, шелектерін қолдастып, ән салысып, жаңа бара жатыр. Жалғыз-әк Құлтума сиякты қойышылар көрінбейді. Өзгенің бәрі көк шалғынға аунап кенелуде, масайрауда.

Таң атқалы оразасын ашпаған ел шайларын ышқына-ышқына ұрттап, маңдайдан сорғалаған терлерін алақанның қырымен сипырып тастап, бойы жадырап, көйлектерін желпіп, қарындарын ашып, борбайын қасып, құркесінен шықты. «Мынау атты, анау өгізді жіберу керек екен гой...» деген төрізді, малсақ кісімсіп, сүыған қөліктерді қоя берді, жіберді, жібертті. Көзінің іріңі шокпардай болған шал — түйеші Жаманай да (манағы Тұрсынның байы) байдын түйелерін жіберіп, одан бір түйеге мініп, ауыл ауылдың түйесін қайырып Майсордың көкпегіне апарып салып, жайрап битін қарап отырғалы: «Шөк былай!» деп, сар желіп, сойылдап жүр.

Жалғыз-жарым мал көздеген қоңылтақ кедей шалдар, бұзау көздеген, үршық иірген кемпірлер, немесе тізе қап байлаған, бір балағы салпылдаган биешілер болмаса, өзгенің бәрі біраздан соң қымызыға қанып, құр-құр кекіріп, қарнын сипап, итарқа-шанырақ салма, жүк құрке, арба құркелерінің астына кіріп, манаурады.